18/1-225 03.11.2026

БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

«БОЛАШАҚ» АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Е 412-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Бесінші

Шымкент

1. «ОҚМА» АҚ Жастар саясаты бөлімі **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер 4
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар 4
3. Жалпы ережелер 6
4. Ұйымдастыру құрылымы 6
5. Студенттік құрылтай 7
6. Студенттік кеңес 9
7. Студенттік ұйымдар 9
8. Студенттік омбудсмен 10
9. Гендерлік омбудсмен 11
10. Мақсаттары, міндеттері 11
11. Жауапкершілігі 17
12. Басқа құрылымдық бөлімдермен байланысы 22

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы «Болашақ» академиялық жастар орталығының ережесі мынадай нормативтік құжаттардың талаптары ескеріле отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қарым-қатынас туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 28 тамыздағы № 406 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (2026 жылғы 3 наурыздағы № 107 өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2023 жылғы 28 наурыз, №247 қаулысы;
- К 118-2026 «ОҚМА» АҚ білім алушыларының әдеп кодексі;
- ҚЕ 17-2026 «ОҚМА» АҚ Жастар саясаты бөлімі туралы ереже;
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- СТ 002-2024 «Ішкі нормативтік құжаттарды басқару»;
- СТ 003-2024 «Ұйымдастыру құжаттарын басқару»;
- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары;
- К 121-2026 «Академиялық адалдық кодексі»;
- Е 507-2026 «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану ережесі.

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы «Болашақ» академиялық жастар орталығы туралы ережеде мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

Академиялық адалдық – білім беру, оқу және ғылыми қызмет барысында адалдық, әділдік пен жауапкершілік қағидаттарын сақтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды қамтамасыз ету.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қарым-қатынас қағидаттары:

- адалдық – пара алмау және жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлығына тең мүмкіндік беру және жеке таныстық негізінде артықшылық жасамау;

- жауапкершілік – өз әрекеттері үшін есеп беру, заңнама мен ішкі ережелерді сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқа адамдардың құқықтары мен еңбегін құрметтеу;
- ашықтық – шешімдер қабылдау мен бағалау рәсімдерінің айқын болуы;

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін және адамға тән когнитивтік функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, жасанды интеллект жүйесі өндіретін ақпарат, шешім, жұмыс және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қамтитын нәтиже.

«ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы;

АЖО – академиялық жастар орталығы;

ЖСБ – Жастар саясаты бөлімі;

PR-менеджер (Public Relations Manager) – «Болашақ» академиялық жастар орталығының ақпараттық саясатын жүзеге асыратын, қоғамдық имиджін қалыптастыруға және нығайтуға, қызметін ақпараттық сүйемелдеуге, әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға, сондай-ақ білім алушылармен және қоғаммен тиімді коммуникация орнатуға жауапты студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің өкілі.

Кворум – алқалы органның шешім қабылдауы үшін оның мүшелерінің немесе делегаттарының қатысуы қажет ең төмен саны;

ЖЖОКБҰ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы – білім алушыларға сапалы жоғары білім беруді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді, кәсіби мамандар даярлау кезінде олардың тұлғалық, мәдени және кәсіби дамуына жағдай жасауды қамтамасыз ететін орта;

Студенттік өзін-өзі басқару – білім алушылардың ЖЖОКБҰ-дағы студенттік өмірді басқаруға қатысу нысаны. Студенттік өзін-өзі басқару жеке тұлғаның даму және өзін-өзі іске асыру мүдделерін мемлекеттің саналы азаматтық қоғам қалыптастыру мүддесімен және жоғары оқу орнының кәсіби кадрлар даярлау мен жастардың үйлесімді әлеуметтенуіне жағдай жасау міндеттерімен ұштастырады;

Студенттік құрылтай – студенттік өзін-өзі басқарудың жоғары өкілді органы. Құрылтай жылына кемінде бір рет шақырылады, студенттік өзін-өзі басқарудың негізгі бағыттарын айқындайды, есептерді тыңдайды, Студенттік кеңестің құрамын бекітеді және студенттік ректорды сайлайды;

Студенттік кеңес – студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы;

Студенттік омбудсмен – жоғары оқу орнында білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға көмектесетін және студенттер мен «ОҚМА» АҚ әкімшілігі арасындағы байланысты қамтамасыз ететін өкіл;

Студенттік ұйым – студенттердің қызығушылықтары, қабілеттері мен қоғамдық бастамалары негізінде құрылатын және «Болашақ» АЖО құрамына кіретін ерікті бірлестік;

Гендерлік омбудсмен – «Болашақ» АЖО құрамында білім алушылардың гендерлік теңдікке құқығын қорғауға, жынысына байланысты кемсітушіліктің алдын алуға көмектесетін және студенттер мен «ОҚМА» АҚ әкімшілігі арасындағы байланысты қамтамасыз ететін өкіл.

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР


Осы «Болашақ» Академиялық жастар орталығы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Болашақ» Академиялық жастар орталығының (бұдан әрі – «Болашақ» АЖО) ұйымдастырушылық құрылымын, мақсаттары мен міндеттерін, жұмысын ұйымдастыру тәртібін, өкілеттіктері мен жауапкершілігін айқындайды.

«Болашақ» АЖО – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) студенттік өзін-өзі басқару жүйесін үйлестіретін орталық. «Болашақ» АЖО білім алушылардың мүдделерін білдіруге, «ОҚМА» АҚ қоғамдық өміріне қатысуға, бастамаларды іске асыруға, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға және тұлғалық-кәсіби әлеуетті дамытуға жағдай жасайды.

«Болашақ» АЖО өз қызметінде Қазақстан Республикасының жастар саясаты саласындағы заңнамасын, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 28 тамыздағы № 406 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жастарды әлеуметтендіру және тәрбие жұмысын жүйелі ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды, «ОҚМА» АҚ Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады. «Болашақ» АЖО өз қызметін осы Ереже «ОҚМА» АҚ-ның Сапа жөніндегі кеңесінде бекітілген күннен бастап жүзеге асырады.

4 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Болашақ» АЖО-ның ұйымдастыру құрылымы келесі сызбада көрсетілген:



4.1. ЖЖОКБҰ-дағы студенттік өзін-өзі басқару студенттердің қоғамдық белсенділігін арттыратын, олардың жауапкершілігін, көшбасшылық қасиеттерін, азаматтық ұстанымын және әлеуметтік құзыреттерін қалыптастыратын тәрбиелік-білімдік орта болып табылады.

4.2. «Болашақ» АЖО құрамына Студенттік құрылтай, Студенттік кеңес, студенттік ұйымдар, студенттік омбудсмен және гендерлік омбудсмен кіреді.

4.3. Студенттік құрылтай – «Болашақ» АЖО-ның жоғары өкілді органы. Ол студенттік ректорды және студенттік ұйымдардың басшыларын сайлайды, сондай-ақ Студенттік кеңестің құрамын бекітеді (5-бөлім).

4.4. Студенттік кеңес – студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы. Студенттік кеңеске студенттік ректор басшылық етеді (6-бөлім).

4.5. Студенттік ұйымдар – студенттердің қызығушылықтары мен қоғамдық бастамалары негізінде құрылатын ерікті бірлестіктер. Ұйым басшысы Студенттік құрылтайда сайланады, ал ұйым мүшелері белгіленген тәртіппен қабылданады (7-бөлім).

4.6. Студенттік омбудсмен мен гендерлік омбудсмен білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға көмектеседі және студенттер мен «ОҚМА» АҚ әкімшілігі арасындағы байланысты қамтамасыз етеді (8 және 9-бөлімдер).

5 СТУДЕНТТІК ҚҰРЫЛТАЙ

5.1. Студенттік құрылтай – білім алушылар өзекті мәселелерді талқылайтын, ұсыныстар енгізетін және студенттік өзін-өзі басқарудың негізгі бағыттарын айқындайтын жоғары өкілді орган.

5.2. Студенттік құрылтай жылына бір рет, қазан айында шақырылады.

5.3. Студенттік құрылтай делегаттардан тұрады. Оның құрамына:

- «Болашақ» АЖО-ның алдыңғы оқу жылындағы құрамына кірген және қазіргі уақытта «ОҚМА» АҚ-да білім алуын жалғастырып жатқан студенттер.
- «ОҚМА» АҚ топ басшылары;

- әрбір студенттік ұйым басшысының екі орынбасары кіреді.

5.4. Құрылтай бекітілген делегаттар санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде өкілетті болып есептеледі. Кворум болмаған жағдайда шешім қабылданбайды.

5.5. Делегаттар өз құрамынан Құрылтай төрағасын және хатшысын сайлайды. Төраға студенттік ректор, Кеңес мүшесі немесе омбудсмен қызметін қатар атқармайды.

5.6. Кезектен тыс Құрылтайды төраға ЖСБ-ның дәлелді жазбаша бастамасы бойынша, Кеңес мүшелерінің кемінде үштен бірінің немесе делегаттардың кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша шақырады.

5.7. Сайлау мен өкілеттіктерді тоқтатуға арналған арнайы нормалардан басқа шешімдер қатысып отырған делегаттардың жартысынан көбінің дауысымен қабылданады.

5.8. Студенттік ректор мен Студенттік кеңестің өкілеттік мерзімі оларды сайлау немесе Кеңес құрамын бекіту туралы Құрылтай шешімі қабылданған күннен бастап келесі кезекті Құрылтайда жаңа құрам қалыптастырылғанға дейін жалғасады.

5.9. Студенттік құрылтайда студенттік ректор, студенттік проректорлар, жеті бағыт бойынша студенттік декандар, PR-менеджер, студенттік ұйымдардың басшылары, сондай-ақ студенттік омбудсмен мен гендерлік омбудсмен сайланады.

5.10. Сайлауға бакалавриаттың екінші және одан жоғары курсында оқитын, GPA көрсеткіші кемінде 2,6 болатын, студенттік өзін-өзі басқару жүйесінде тәжірибесі бар, академиялық адалдық талаптарын бұзбаған, көшбасшылық қабілеті қалыптасқан, жауапкершілігі жоғары, белсенді және бастамашыл білім алушылар қатысады.

5.11. Үміткер ЖСБ белгілеген мерзімде Instagram әлеуметтік желісіндегі oqma_zhastary парақшасында жарияланатын материалдар форматына сәйкес әзірленген жеке сайлауалды бағдарламасын ұсынады. Бағдарламада үміткердің фотосуреті, өзі туралы қысқаша ақпарат, сайлауға түсу мақсаты, іске асыруды жоспарлаған жұмыстары, тиісті лауазымға сәйкестігінің негіздемесі және жеке ұраны қамтылуға тиіс.

5.12. Сайлау екі кезеңде өткізіледі:

- бірінші кезеңде ЖСБ үміткерлердің осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді, бағалау нәтижелері бойынша үздік үміткерлерді сайлаудың екінші кезеңіне ұсынады. Республикалық ұйымдардың басшыларын іріктеу кезінде бірінші кезеңнің бағалау жұмысына тиісті ұйымдардың өңірлік үйлестірушілері қатысады;
- бірінші кезеңдегі іріктеуден өткен үміткерлер Студенттік құрылтайдың қарауына ұсынылып, дауыс беруге жіберіледі.

5.13. Сайлау қорытындысы Студенттік құрылтай дауысының 50 пайызынан және ЖСБ дауысының 50 пайызынан құралады.

6 СТУДЕНТТІК КЕҢЕС

6.1. Студенттік кеңес – «ОҚМА» АҚ білім алушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, олардың шығармашылық және басқарушылық әлеуетін іске асыруға ықпал ететін студенттік өзін-өзі басқарудың ресми алқалы органы.

6.2. Студенттік кеңес «Болашақ» АЖО құрамында тұрақты жұмыс істейді. Оның құрамын Студенттік құрылтай бекітеді, ал қызметіне студенттік ректор басшылық етеді.

6.3. Студенттік кеңестің құрамына:

- студенттік ректор;
- оқу-тәрбие жөніндегі студенттік проректор;
- даму және инновация жөніндегі студенттік проректор;
- PR-менеджер;
- факультеттердің студенттік декандары;
- студенттік ұйымдардың басшылары;
- хатшы кіреді.

6.4. Студенттік кеңестің ресми отырысы академиялық демалыс кезеңдерін қоспағанда айына бір рет өткізіледі.

6.5. Студенттік кеңестің мүшелері «ОҚМА» АҚ алқалы органдарының отырыстарына қатысады. Олардың тізімі Студенттік кеңестің отырысында хаттамамен рәсімделеді.

6.6. Студенттік кеңестің қабылдаған шешімдері «ОҚМА» АҚ-ның барлық білім алушыларына қолданылады және олар үшін міндетті болып табылады. «ОҚМА» АҚ-ның барлық білім алушылары Студенттік кеңестің шешімдерін сақтауға және орындауға міндетті.

7 СТУДЕНТТІК ҰЙЫМДАР

7.1. Студенттік ұйымдар – студенттердің қызығушылықтары, қабілеттері мен қоғамдық бастамалары негізінде құрылатын ерікті бірлестіктер. Олар студенттердің сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыруға, шығармашылық, кәсіби, әлеуметтік және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

7.2. Ұйым мүшелері «Platonus» ақпараттық жүйесіндегі «Студенттік бірлестік» бөлімі арқылы өтініш берген студенттер арасынан қабылданады. Ұйым басшысы өтініш берген студенттермен кездесу өткізіп, оларды ұйым мүшелігіне іріктеп қабылдайды.

7.3. Әрбір студенттік ұйымның құрамына:

- ұйым басшысы;
- жергілікті студенттермен жұмыс жөніндегі орынбасар;
- шетелдік студенттермен жұмыс жөніндегі орынбасар;

- хатшы;
- PR бөлімінің басшысы және жауаптылары;
- ұйым мүшелері.

7.4. Республикалық ұйымдар өздерінің республикалық құрылымын сақтайды.

7.5. «Болашақ» АЖО құрамына төменде көрсетілген 13 студенттік ұйым кіреді:

- «Қазақстан студенттер альянсы» ұйымы;
- «Қазақстан медицина жастары» ұйымы;
- «Бірлесу» достық ұйымы;
- «Жастар рухы» жастар қанаты;
- «Зиялы Қазақ» интеллектуалды пікірсайыс клубы;
- «Еріктілер лигасы» ұйымы;
- «Студенттік ғылыми қоғам» ұйымы;
- «Жатақхана» студенттер кеңесі;
- «Шабыт» өнер ұйымы;
- «Айкөркем» қыздар кеңесі;
- «Барыс» спорт клубы;
- «Адалдық hub» ұйымы;
- «Шамшырақ» кітап клубы.

8 СТУДЕНТТІК ОМБУДСМЕН

8.1. Студенттік омбудсмен – жоғары оқу орнында білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға көмектесетін, студенттер мен университет әкімшілігі арасындағы байланысты қамтамасыз ететін өкіл.

8.2. Студенттік омбудсмен институты – білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған тетік. Омбудсмен білім алушылардың өтініштері, шағымдары және даулы мәселелері бойынша консультация беріп, олардың шешілуіне ықпал етеді.

8.3. Студенттік омбудсменнің қызметі құқықтарды түсіндіру, мәселелерді бейтарап қарау, білім алушы мен «ОҚМА» АҚ басшылығы арасындағы диалогті қамтамасыз ету және даулы жағдайларды конструктивті жолмен шешуге жәрдемдесу қағидаттарына негізделеді.

8.4. Омбудсмен білім алушының орнына шешім қабылдамайды және «ОҚМА» АҚ әкімшілік басқару функцияларын атқармайды. Оның негізгі міндеті – білім алушының өз мәселесін тиісті тәртіппен көтеруіне, қажетті ақпарат алуына және мәселенің әділ қаралуына жағдай жасау.

8.5. Студенттік омбудсменнің қызметі білім алушылардың өз құқықтарын білуіне және «ОҚМА» АҚ-да ашықтық пен әділдік қағидаттарының қалыптасуына ықпал етеді.

9 ГЕНДЕРЛІК ОМБУДСМЕН

9.1. Гендерлік омбудсмен – «Болашақ» АЖО құрамында білім алушылардың гендерлік теңдікке құқығын қорғауға, жынысына байланысты кемсітушіліктің алдын алуға көмектесетін және студенттер мен «ОҚМА» АҚ әкімшілігі арасындағы байланысты қамтамасыз ететін өкіл.

9.2. Гендерлік омбудсмен гендерлік теңдікке және қауіпсіз әрі өзара құрметке негізделген оқу ортасына қатысты өтініштер, шағымдар мен даулы мәселелер бойынша консультация беріп, олардың тиісті тәртіппен қаралуына ықпал етеді.

9.3. Гендерлік омбудсменнің қызметі құқықтарды түсіндіру, мәселелерді бейтарап қарау, құпиялылықты сақтау, кемсітпеу және білім алушылар мен «ОҚМА» АҚ арасындағы диалогті қамтамасыз ету қағидаттарына негізделеді.

9.4. Гендерлік омбудсмен білім алушының орнына шешім қабылдамайды және «ОҚМА» АҚ әкімшілік басқару функцияларын атқармайды. Оның негізгі міндеті – білім алушының өз мәселесін тиісті тәртіппен көтеруіне және мәселенің әділ қаралуына жағдай жасау.

9.5. Гендерлік омбудсменнің қызметі білім алушылар арасында гендерлік теңдік мәдениетін, өзара құрмет пен ашықтық қағидаттарын қалыптастыруға ықпал етеді.

10 МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1. Студенттік құрылтайдың мақсаты – студенттердің ортақ пікірін білдіру, білім алушылардың мүдделерін ескере отырып, студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің негізгі даму бағыттарын айқындау және маңызды мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

10.2. Студенттік кеңестің мақсаты – білім алушылардың ұсыныстары мен бастамаларын жинақтау, оларды «ОҚМА» АҚ басшылығына және тиісті құрылымдық бөлімшелерге жеткізу, білім алушылар мен «ОҚМА» АҚ әкімшілігі арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз ету.

10.3. Студенттік ректордың мақсаты – «Болашақ» АЖО қызметіне жалпы басшылық жасау, студенттік өзін-өзі басқару органдары мен студенттік ұйымдардың жұмысын үйлестіру және олардың қызметінің негізгі бағыттары бойынша белгіленген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету.

10.4. Оқу-тәрбие жөніндегі студенттік проректордың мақсаты – білім алушылардың оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге ықпал ету, академиялық адалдық пен әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, сондай-ақ білім алушылардың ұсыныстары негізінде оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруге жәрдемдесу.

10.5. Даму және инновация жөніндегі студенттік проректордың мақсаты – «Болашақ» АЖО стратегиялық мақсаттарын іске асыру, студенттік ұйымдардың

жобалары мен бастамаларын іске асыруға қолдау көрсету, есеп пен құжаттаманы жүргізуді үйлестіру арқылы студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің тұрақты әрі нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

10.6. Студенттік декандардың мақсаты – факультет білім алушыларының мүдделерін білдіру, олардың студенттік өзін-өзі басқару жүйесіне қатысуына жағдай жасау, факультет деңгейіндегі студенттік бастамаларды үйлестіру және білім алушылар мен факультет деканаты арасындағы өзара байланысты нығайту.

10.7. PR-менеджердің мақсаты – «Болашақ» АЖО қызметін ақпараттық сүйемелдеу, студенттік ұйымдардың қызметі мен бастамаларын кеңінен таныстыру, ақпараттық материалдардың сапасы мен өзектілігін қамтамасыз ету және студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің ақпараттық ашықтығын арттыру.

10.8. Студенттік ұйымдардың мақсаты – білім алушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың шығармашылық, кәсіби, әлеуметтік және көшбасшылық қабілеттерін дамыту, қоғамдық белсенділігін арттыру және студенттік бастамаларды іске асыруға мүмкіндік беру.

10.9. Студенттік омбудсменнің мақсаты – білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, «ОҚМА» АҚ-да ашықтық пен әділдік қағидаттарының сақталуына ықпал ету және студенттер мен «ОҚМА» АҚ әкімшілігі арасындағы даулы мәселелерді өзара түсіністік негізінде шешуге жәрдемдесу.

10.10. Гендерлік омбудсменнің мақсаты – білім алушылардың гендерлік теңдікке қатысты құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, жынысына байланысты кемсітушіліктің алдын алуға және «ОҚМА» АҚ-да тең мүмкіндік, өзара құрмет пен кемсітпеу мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу.

10.11. «Болашақ» АЖО құрамындағы барлық органдардың, құрылымдардың және мүшелердің ортақ мақсаты – «ОҚМА» АҚ-да студенттік өзін-өзі басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және дамыту, білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіруге және қорғауға жәрдемдесу, олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына, жеке және кәсіби әлеуетін дамытуына жағдай жасау, сондай-ақ студенттік қауымдастық пен «ОҚМА» АҚ әкімшілігі арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

10.12. Студенттік құрылтайдың міндеттері:

Студенттік құрылтай өз құзыреті шегінде:

- студенттік ректорды және студенттік ұйымдардың басшыларын осы Ережеде белгіленген тәртіппен сайлауға, Студенттік кеңестің құрамын бекітуге;
- студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің негізгі даму бағыттарын айқындауға;
- студенттік қауымдастық үшін маңызды мәселелерді талқылауға және олар бойынша тиісті шешімдер қабылдауға;
- Құрылтай отырыстарын белгіленген тәртіппен өткізуге, кворумды айқындауға және шешім қабылдау рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

10.13. Студенттік кеңестің міндеттері:

Студенттік кеңес өз құзыреті шегінде:

- білім алушылардың пікірлері мен ұсыныстарын жинақтауға және студенттік қауымдастықтың ортақ ұстанымын қалыптастыруға;
- білім алушылардың оқу және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеуге;
- студенттердің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты мәселелерді қарауға және оларды шешу жөнінде «ОҚМА» АҚ-ғы тиісті құрылымдық бөлімшелеріне ұсыныстар енгізуге;
- студенттік өзін-өзі басқару органдары мен студенттік ұйымдардың өзара қарым-қатынасын үйлестіруге;
- «ОҚМА» АҚ қабылдаған шешімдер, білім алушыларға арналған бағдарламалар және қолжетімді мүмкіндіктер туралы студенттерді ақпараттандыруға міндетті.

10.14. Студенттік ректордың міндеттері:

- Студенттік ректор өз құзыреті шегінде:
- «Болашақ» АЖО қызметін ұйымдастыруға және оның жұмысын жалпы үйлестіруге;
- студенттік өзін-өзі басқару органдары мен студенттік ұйымдардың осы Ережеге және бекітілген жұмыс жоспарларына сәйкес қызмет атқаруын бақылауға;
- «Болашақ» АЖО жылдық жұмыс жоспарын қалыптастыруға және студенттік ұйымдардың жұмыс жоспарларын бекітуге;
- Студенттік кеңестің отырыстарын ұйымдастыруға және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауға;
- студенттік кеңес мүшелерінің қызметін үйлестіруге;
- облыстық, республикалық және халықаралық жастар ұйымдарымен ынтымақтастықты дамытуға ықпал етуге;
- «Болашақ» АЖО қызметінің нәтижелері бойынша қорытынды есептердің дайындалуын қамтамасыз етуге;
- ЖСБ-ға атқарылған жұмыстар туралы есеп беруге міндетті.

10.15. Оқу-тәрбие жөніндегі студенттік проректордың міндеттері:

Оқу-тәрбие жөніндегі студенттік проректор өз құзыреті шегінде:

- студенттік ұйымдардың оқу-тәрбие бағытындағы жұмыс жоспарларының орындалуын үйлестіруге;
- білім алушылардың оқу үдерісі мен тәрбие жұмысына қатысты ұсыныстарын жинақтауға;
- салауатты өмір салтын насихаттайтын және әлеуметтік қолдауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға;
- білім алушылардың академиялық адалдық қағидаттарын сақтауына және жауапкершілігін арттыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарына қатысуға;

- оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге;
- атқарылған жұмыстар туралы студенттік ректорға есеп беруге міндетті.

- 10.16. Даму және инновация жөніндегі студенттік проректордың міндеттері:

- Даму және инновация жөніндегі студенттік проректор өз құзыреті шегінде:
- «Болашақ» АЖО стратегиялық даму жоспарын әзірлеуге;
- студенттік ұйымдардың жұмысын бақылауға;
- студенттік ұйымдардың қызмет нәтижелерін жинақтауға және олардың тиімділігін талдауға;
- студенттік ұйымдар басшыларының атқарылған жұмыстар туралы есептерін қабылдауға және жүйелеуге;
- «Болашақ» АЖО қызметіне қатысты есептер мен құжаттаманың дайындалуын үйлестіруге;
- атқарылған жұмыстар туралы студенттік ректорға есеп беруге міндетті.

10.17. Студенттік декандардың міндеттері:

- Студенттік декандар өз құзыреттері шегінде:
- тиісті факультет білім алушыларымен жұмысты ұйымдастыруға және үйлестіруге;
- факультет білім алушыларының ұсыныстары мен бастамаларын жинақтауға және оларды Студенттік кеңестің қарауына ұсынуға;
- факультет деканатымен тұрақты өзара байланысты қамтамасыз етуге;
- факультет деңгейінде қоғамдық, мәдени, ғылыми, спорттық және әлеуметтік іс-шараларды ұйымдастыруға қатысуға;
- білім алушылардың «ОҚМА» АҚ деңгейіндегі студенттік бастамаларға қатысуын ынталандыруға;
- факультет білім алушыларының өзекті мәселелерін анықтауға және оларды шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеуге;
- атқарылған жұмыстар туралы студенттік ректорға есеп беруге міндетті.

10.18. PR-менеджердің міндеттері:

- PR-менеджер өз құзыреті шегінде:
- «Болашақ» АЖО қызметі туралы ақпараттық материалдарды әзірлеуге және оларды oqma_zhastary әлеуметтік желісінде жариялануын ЖСБ-мен келісе отырып ұйымдастыруға;
- студенттік ұйымдардың іс-шаралары мен жобалары туралы ақпаратты жинақтауға;
- әлеуметтік желілерге арналған хабарландырулар, ақпараттық жарияланымдар және өзге де материалдар дайындауға;
- жарияланатын ақпараттың дұрыстығын, сапасын, өзектілігін және уақтылы берілуін қамтамасыз етуге;

- студенттік ұйымдармен өзара байланыс орнатып, олардың қызметін ақпараттық сүйемелдеуге;
- ақпараттық материалдарды жариялау кезінде авторлық құқық, құпиялылық және дербес деректерді қорғау талаптарын сақтауға;
- атқарылған ақпараттық жұмыстар туралы студенттік ректорға есеп беруге міндетті.

10.19. Студенттік ұйымдардың міндеттері:

Студенттік ұйымдардың басшылары өз құзыреттері шегінде:

- ұйым қызметінің негізгі бағыттарын айқындауға және жылдық жұмыс жоспарын әзірлеуге;
- ұйым мүшелерінің міндеттерін бөлуге, іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастыруға және олардың нәтижелерін бағалауға;
- ұйым мүшелерін осы Ережеде белгіленген тәртіппен қабылдауды ұйымдастыруға;
- ұйым мүшелерінің идеялары мен бастамаларын қолдауға және оларды іске асыруға жағдай жасауға;
- ұйым мүшелерінің қызметін үйлестіруге және олардың қоғамдық белсенділігін арттыруға;
- ұйымдастырылған іс-шаралардың нәтижелерін талдауға және ұйым қызметінің тиімділігін бағалауға;
- атқарылған жұмыстар туралы Даму және инновация жөніндегі студенттік проректорға есеп беруге міндетті.

Студенттік ұйымдардың мүшелері өз құзыреттері шегінде:

- ұйымның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес оның қызметіне белсенді қатысуға;
- ұйым басшысы жүктеген міндеттерді тиісінше және белгіленген мерзімде орындауға;
- ұйымның бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастыруға және іске асыруға қатысуға;
- ұйым қызметін дамытуға бағытталған идеялар мен бастамалар ұсынуға және оларды жүзеге асыруға атсалысуға;
- ұйымның жиналыстарына, отырыстарына және жоспарланған іс-шараларына қатысуға;
- ұйым басшысының өз құзыреті шегінде берген тапсырмаларын және қабылданған шешімдерін орындауға;
- атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы ұйым басшысына уақтылы және шынайы ақпарат ұсынуға;
- ұйымның ішкі тәртібін, осы Ереженің және «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға міндетті.

10.20. Студенттік омбудсменнің міндеттері:

Студенттік омбудсмен өз құзыреті шегінде:

- білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты өтініштері мен шағымдарын қарауға;
- студенттерге олардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ заңды мүдделерін қорғау тетіктері бойынша түсініктемелер беруге;
- даулы мәселелерді бейтарап қарастыруға және тараптар арасындағы конструктивті диалогты қамтамасыз етуге;
- студенттер мен «ОҚМА» АҚ тиісті құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара түсіністікке ықпал етуге;
- даулы жағдайларды бейбіт және конструктивті жолмен шешуге жәрдемдесуге;
- өтініштерді қарау барысында құпиялылық пен дербес деректерді қорғау талаптарын сақтауға міндетті.

10.21. Гендерлік омбудсменнің міндеттері:

Гендерлік омбудсмен өз құзыреті шегінде:

- білім алушыларға гендерлік теңдікке қатысты құқықтары мен заңды мүдделері бойынша түсініктемелер беруге;
- гендерлік теңдікке қатысты өтініштер мен шағымдарды қарауға және олар бойынша тиісті түсініктемелер беруге;
- гендерлік сипаттағы даулы мәселелердің әділ және бейтарап қаралуына жәрдемдесуге;
- өтініш иелерінің құпиялылығын және дербес деректерін қорғау талаптарын сақтауға;
- гендерлік теңдік, өзара құрмет және кемсітпеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;
- жынысына байланысты кемсітушіліктің алдын алу және білім алушылар үшін тең мүмкіндіктер қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге міндетті.

10.22. «Болашақ» АЖО құрамындағы барлық органдардың, құрылымдардың және мүшелердің ортақ міндеттері:

«Болашақ» АЖО құрамындағы барлық органдар, құрылымдар және мүшелер өз құзыреттері шегінде:

- білім алушылардың ұсыныстары мен бастамаларын жинақтауға, қарауға және тиісті құрылымдарға жеткізуге;
- студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің ашықтығын, сабақтастығын, тиімділігін және қызмет нәтижелерінің айқындылығын қамтамасыз етуге;
- академиялық адалдық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, тең мүмкіндік, өзара құрмет, әділдік және кемсітпеу қағидаттарын сақтауға;
- жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қауіпсіз, этикалық және жауапты қолдануға қатысты «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындауға;
- ЖСБ-мен және «ОҚМА» АҚ тиісті құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынас жасауға;

- бекітілген жылдық жұмыс жоспарларын іске асыруға, атқарылған жұмыстар бойынша есептілік пен құжаттаманың толық әрі уақтылы жүргізілуін қамтамасыз етуге;
- білім алушылардың қоғамдық, мәдени, ғылыми, спорттық, волонтерлік, шығармашылық және әлеуметтік бастамаларын қолдауға;
- студенттік өзін-өзі басқару органдары қабылдаған шешімдердің өз құзыреттері шегінде орындалуын қамтамасыз етуге;
- қызмет барысында алынған құпия ақпараттың және дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етуге;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, «ОҚМА» АҚ Жарғысын, осы Ережені және «ОҚМА» АҚ-ның өзге де ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға міндетті.

11 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

11.1. Студенттік құрылтайдың төрағасы мен хатшысы жауапкершілігі:

- Құрылтайдың осы Ережеде белгіленген тәртіппен шақырылуына және өткізілуіне;
- Құрылтай отырыстарында кворумның сақталуына және шешімдердің белгіленген тәртіппен қабылдануына;
- студенттік ректорды және студенттік ұйымдардың басшыларын сайлау рәсімдерінің әділ, ашық және объективті өткізілуіне;
- дауыс беру нәтижелерінің дұрыс есептелуіне және тиісті хаттамаларда нақты көрсетілуіне;
- Құрылтай қабылдаған шешімдердің осы Ережеге және «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестігіне жауапты.

11.2. Студенттік кеңестің жауапкершілігі:

- қабылданған шешімдердің негізділігіне және олардың орындалуына;
- студенттердің ұсыныстары мен бастамаларының уақтылы қаралуына және тиісті құрылымдық бөлімшелерге жеткізілуіне;
- студенттік қауымдастықтың мүдделерін білдіру кезінде объективтілік пен әділдік қағидаттарының сақталуына;
- Студенттік кеңес қызметіне қатысты құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығына;
- «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген талаптардың сақталуына жауапты.

11.3. Студенттік ректордың жауапкершілігі:

- «Болашақ» АЖО қызметінің жалпы ұйымдастырылуына және студенттік өзін-өзі басқару органдары жұмысының үйлестірілуіне;
- бекітілген жұмыс жоспарларының және қабылданған шешімдердің орындалуына;

- студенттік ұйымдар мен олардың басшылары қызметінің үйлестірілуіне;
- студенттік белсенділердің көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстардың ұйымдастырылуына;
- белсенді білім алушыларды марапаттауға ұсынылатын мәліметтердің негізділігі мен дұрыстығына;
- «Болашақ» АЖО-дағы сайлау рәсімдерінің осы Ережеге сәйкес әділ және ашық өткізілуіне;
- студенттік өзін-өзі басқару қызметіне қатысты шешімдердің негізділігіне;
- білім алушылардың өзекті мәселелері туралы ЖСБ-ның уақтылы хабардар етілуіне;
- атқарылған жұмыстар туралы есептердің толықтығы мен дұрыстығына жауапты.

11.4. Оқу-тәрбие жөніндегі студенттік проректордың жауапкершілігі:

- өзіне жүктелген оқу-тәрбие бағытындағы міндеттердің тиісінше және уақтылы орындалуына;
- студенттік ұйымдардың оқу-тәрбие бағытындағы қызметінің үйлестірілуіне;
- студенттік ұйымдар басшыларының ұсыныстары мен пікірлерінің қаралуына;
- жастар ұйымдарының жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстардың ұйымдастырылуына;
- қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқан білім алушыларды марапаттауға ұсыну рәсімдерінің негізділігіне;
- салауатты өмір салтын насихаттау және әлеуметтік қолдау бағытындағы іс-шаралардың ұйымдастырылуына;
- өз қызметінің осы Ережеге және «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуына жауапты.

11.5. Даму және инновация жөніндегі студенттік проректордың жауапкершілігі:

- «Болашақ» АЖО жылдық стратегиялық даму жоспары және ұйымдардың есебінің уақтылы дайындалуына;
- «Болашақ» АЖО қызметіне қатысты құжаттардың толықтығына, дұрыстығына және осы Ереженің талаптарына сәйкестігіне;
- студенттік ұйымдардың атқарған жұмыстары туралы есептердің жинақталуына және жүйеленуіне;
- студенттік ұйымдар басшыларының отырыстар, жиналыстар және өзге де ұйымдастырушылық іс-шаралар туралы уақтылы хабардар етілуіне;
- студенттік жобалар мен инновациялық бастамаларды іске асыру жөніндегі үйлестіру жұмыстарының орындалуына;
- студенттік ұйымдардың қызмет нәтижелері бойынша ұсынылатын мәліметтердің дұрыстығына жауапты.

11.6. Студенттік декандардың жауапкершілігі:

- тиісті факультет деңгейіндегі студенттік өзін-өзі басқару қызметінің ұйымдастырылуына;
- факультет білім алушыларымен жүргізілетін жұмыстардың орындалуына;
- факультет студенттерінің ұсыныстары мен шағымдарының тиісті құрылымдарға уақтылы жеткізілуіне;
- факультет деканатымен өзара байланыстың қамтамасыз етілуіне;
- факультет деңгейінде ұйымдастырылатын студенттік іс-шаралар мен бастамалардың орындалуына;
- атқарылған жұмыстар туралы есептердің толықтығына, дұрыстығына және уақтылы ұсынылуына жауапты.

11.7. PR-менеджердің жауапкершілігі:

- «Болашақ» АЖО қызметі туралы жарияланатын ақпараттық материалдардың дұрыстығына, сапасына және өзектілігіне;
- ақпараттық материалдардың уақтылы дайындалуына және белгіленген тәртіппен келісілуіне;
- студенттік ұйымдардың қызметі туралы жарияланатын мәліметтердің шынайылығына;
- ақпараттық материалдарды әзірлеу және жариялау кезінде авторлық құқық, құпиялылық және дербес деректерді қорғау талаптарының сақталуына;
- «ОҚМА» АҚ ресми ақпараттық ресурстарын пайдалану тәртібінің сақталуына;
- атқарылған ақпараттық жұмыстар туралы есептердің дұрыстығына жауапты.

11.8. Студенттік ұйымдардың жауапкершілігі:

Студенттік ұйымдардың басшылары жауапты:

- өздері басқаратын ұйымдардың жалпы қызметіне және бекітілген жұмыс жоспарларының орындалуына;
- ұйым мүшелері арасында міндеттердің тиісінше бөлінуіне және олардың қызметінің үйлестірілуіне;
- ұйым мүшелерін қабылдау рәсімдерінің ашықтығына және осы Ережеде белгіленген тәртіптің сақталуына;
- ұйымдастырылатын іс-шаралар мен жобалардың сапалы өткізілуіне;
- ұйым мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына;
- ұйым қызметіне қатысты құжаттар мен есептердің толықтығына, дұрыстығына және уақтылы ұсынылуына;
- іс-шараларға қатысушылар, қол жеткізілген нәтижелер және марапаттауға ұсынылатын білім алушылар туралы мәліметтердің шынайылығына жауапты.

Студенттік ұйымдардың мүшелері жауапты:

- өздеріне жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың тиісінше және уақтылы орындалуына;

- ұйымның бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өздері қатысатын іс-шаралар мен жобалардың орындалуына;
- ұйым ішіндегі бірлік пен өзара сыйластықтың сақталуына, мүшелер арасында әдейі алауыздық туғызуға, арандатушылық әрекеттер жасауға және ұйымның қалыпты қызметіне қасақана кедергі келтіруге жол бермеуге жауапты.
- ұйым басшысының өз құзыреті шегінде берген тапсырмалары мен қабылдаған шешімдерінің орындалуына;
- ұйымдастырылатын іс-шаралар мен жобалар барысында өздеріне жүктелген жұмыстардың сапалы атқарылуына;
- ұйымның жиналыстары мен жоспарланған іс-шараларына қатысу жөніндегі міндеттемелерінің орындалуына;
- ұйым қызметі барысында ұсынған ақпараттар мен атқарылған жұмыстар туралы мәліметтердің толықтығына, дұрыстығына және шынайылығына;
- ұйым мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің, өзара құрмет пен академиялық адалдық қағидаттарының сақталуына;
- осы Ереженің және «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға жауапты;
- осы талаптарды сақтамаған жағдайда ұйымнан шығарылады.

11.9. Студенттік омбудсменнің жауапкершілігі:

- білім алушылардың өтініштері мен шағымдарының бейтарап және әділ қаралуына;
- өтініш білдірген білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына;
- өтініш иелерінің құпиялылығы мен дербес деректерінің қорғалуына;
- білім алушыларға олардың құқықтары мен міндеттері бойынша берілетін түсініктемелер мен консультациялардың дұрыстығына;
- даулы мәселелерді қарау барысында объективтілік қағидатының сақталуына және мүдделер қақтығысына жол берілмеуіне;
- өз құзыреті шегінде қабылданған шаралар мен ұсыныстардың негізділігіне жауапты.

11.10. Гендерлік омбудсменнің жауапкершілігі:

- гендерлік теңдікке қатысты өтініштер мен шағымдардың бейтарап және әділ қаралуына;
- өтініш білдірген білім алушылардың құпиялылығы мен дербес деректерінің қорғалуына;
- гендерлік теңдік мәселелері бойынша жүргізілетін түсіндіру жұмыстары мен берілетін консультациялардың дұрыстығына;
- жынысына байланысты кемсітушілікке жол бермеу қағидаттарының сақталуына;
- гендерлік сипаттағы даулы мәселелерді қарау барысында объективтілік пен әділдік талаптарының сақталуына;

- өз құзыреті шегінде әзірленген ұсыныстардың негізділігіне жауапты.

11.11. «Болашақ» АЖО құрамындағы барлық органдардың, құрылымдардың және мүшелердің ортақ жауапкершілігі:

- өздеріне жүктелген міндеттердің тиісінше және уақтылы орындалуына;
- қабылданған шешімдердің заңдылығы мен негізділігіне;
- ұсынылатын мәліметтердің, есептердің және растайтын құжаттардың дұрыстығына, толықтығына және шынайылығына;
- академиялық адалдық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, тең мүмкіндік, өзара құрмет және кемсітпеу қағидаттарының сақталуына;
- қызмет барысында алынған құпия ақпараттың және дербес деректердің қорғалуына;
- өз өкілеттіктерінің тиісінше пайдаланылуына және мүдделер қақтығысына жол берілмеуіне;
- жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығының тексерілуіне, құпиялылық пен дербес деректерді қорғау талаптарының сақталуына;
- жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдардың мазмұнына және дұрыстығына;
- осы Ереженің және «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттары талаптарының сақталуына жауапты.

Жалған немесе бұрмаланған мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға, орындалмаған жұмыстарды орындалған ретінде көрсетуге, іс-шаралар нәтижелерін негізсіз растауға және есептік көрсеткіштерді жасанды түрде арттыруға жол берілмейді. Мұндай фактілер анықталған жағдайда тиісті нәтижелер белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылады, ал кінәлі тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына және «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шаралар қолданылады.

Сайлау, бағалау, марапаттауға ұсыну және шешім қабылдау барысында мүдделер қақтығысына, білім алушыларға қысым көрсетуге, кемсітуге, жеке таныстық немесе өзге де негізсіз себептер бойынша артықшылық беруге жол берілмейді.

«Болашақ» АЖО мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді жүйелі түрде орындамаған, берілген өкілеттіктерін асыра пайдаланған немесе осы Ереженің талаптарын бұзған жағдайда олардың жауапкершілігі туралы мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасына және «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қаралады.

12 БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

12.1. Құрылымдық бөлімдермен өзара қарым-қатынас тәртібі:

- «Болашақ» АЖО ЖСБ-мен, кафедралармен және деканаттармен тығыз қарым-қатынас орнатады;
- жастардың ғылыми қызметіне қатысты мәселелер бойынша ғылыми бөліммен жұмыс орнатады;
- білім алушылардың кітап оқу мәдениетін және әдеби танымын дамыту мәселелері бойынша кітапханалық-ақпараттық орталығымен өзара қарым-қатынас орнатады;
- материалдық қамтамасыз ету мәселелері бойынша әкімшілік-шаруашылық департаментімен, қаржылық мәселелер бойынша есеп-қисап бөлімімен, ал құқықтық мәселелер бойынша заң қызметімен бірлесіп жұмыс істейді.

12.2. Құжат айналым тәртібі:

- «Болашақ» АЖО-ның жұмыс жоспары студенттік ұйымдардың жоспарлары негізінде әзірленеді және ЖСБ меңгерушісімен бекітіледі;
- өткізілген іс-шаралар мен атқарылған жұмыстарға қатысты құжаттар (хаттамалар, хабарламалар және т.б.) жинақталады. Оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есеп 1 шілдеге дейін ЖСБ меңгерушісіне ұсынылады. Есепті ЖСБ меңгерушісі бекітеді, ал тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Ғылыми Кеңесте баяндайды.

12.3. Жекелеген құрылымдардың өзара қарым-қатынасы:

- Студенттік құрылтай ЖСБ-мен тығыз қарым-қатынас жасайды. ЖСБ дәлелді жазбаша бастама бойынша кезектен тыс Құрылтай шақыруды ұсына алады;
- Студенттік кеңес білім алушылар мен «ОҚМА» АҚ әкімшілігі арасындағы байланысты қамтамасыз етеді;
- омбудсмендер білім алушылар мен «ОҚМА» АҚ әкімшілігі арасындағы диалогті қамтамасыз етеді.

Әзірлеген:

Қызметі	**Т.А.Ә.**
Жастар саясаты бөлімінің қызметкері	М.Е. Асқар

Тексерген:

Қызметі	**Т.А.Ә.**
Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі	М.А. Турабек
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә. Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А. Кабиштаев

Келісілген:

Қызметі	**Т.А.Ә.**
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Е.Қ. Сәлім
Комплаенс офицер	Н.А. Пернебаев

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Асқар Мерей Еламанқызы	Разработано	30.10.2026, 14:07:58	Без замечаний	
Турабек Мадина Айдарқызы	Проверено	30.10.2026, 15:07:57	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	02.11.2026, 17:38:41	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	30.10.2026, 16:41:12	Без замечаний	
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	30.10.2026, 16:20:32	Без замечаний	
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	30.10.2026, 16:50:52	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	03.11.2026, 10:36:14	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	03.11.2026, 10:36:22	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед